

Амангелді орта мектебінің  
4-сынып оқушыларымен  
жүргізілген тәрбие жұмысы  
бойынша жылдық талдауы

**1. Өткен оқу жылындағы тәрбие жұмысының мақсатын анықтау мен жоспарлау жұмысының пәрменділігінің талдауы:**

Жыл басында тәрбие жұмысының мақсаты мен міндеті қойылды. Мақсатқа сәйкес оқушы міндеттері алынып, тәрбиенің 8 бағыты бойынша жұмыс жүргізілді. Тәрбие жұмыстары оқушының жас ерекшеліктеріне сай алынды. Тәрбие жұмысы бойынша көзделген мақсатқа жете білдік.

**2. Класс ұжымы дамуының талдауы:**

Классағы оқушылар ұжым ішінде ұйымшыл, әр оқушының қабілеттері әр түрлі, берілген жұмыстарды өздерінің қабілеттеріне қарай орындап отырады. Класстың дәстүрлік мерекелері, күнтізбелік мерекелер, сыныптан тыс шараларға, мектептен тыс үйірмелерге қатысып, танымдық қабілеттерін ұштап отырады. Оқушыларды класс өміріне тарту мақсатында сынып белсенділері сайланып, өз жұмыстары жөнінде түсініктер берілді. Ішкі істер секторы: Қамысбаева С, спорт және денсаулық секторы: Ерболұлы М, Айбек Е, Сегізбай М, мәдени бос уақытын ұйымдастыру секторы: Мұратов Б, Майлыбаев Б, қамқорлық секторы: Нұрашов М, Избасар А, тазалық секторы: Қуандықова М, Нұрбекқызы А, тәртіп секторы: Мұнаев Р, Бердәлі А, пресс секторы: Берекет М сайланды. Класс ұжымындағы қарым-қатынас ерекшеліктері: оқушылардың өзара қарым-қатынасы; ұлдар мен қыздар арасындағы қарым-қатынасы жақсы, ұжымда болған келеңсіз жайттар, жанжалдар орын алса дер кезінде шараларын алып отырамыз.

**3. Оқушылардың класс және мектеп өміріне қатысуына талдау:**

Оқушылардың мектептегі үйірме жұмысына қатысуы жақсы. Күрес үйірмесіне Айбек Е, Бердәлі А, Берекет М, Мұратов Б, Нұрашов Мерей, Избасар А, Мұнаев Р қатысады. 2023 жылы мамыр айында күрестен Мұратов Б 2 орын, Берекет М 3-ші орын алды. Оқушылардың жалпы мектепшілік шараларға қатысуы өте жақсы деңгейде.

**4. Өзін-өзі басқару ұйымының жұмысын талдау:**

Оқушылардың кластағы және мектептігі өзін-өзі басқару ұйымына қатысуы және олардың ұйымдастырушылық деңгейі өте жақсы. Кластағы тәрбие сағаттарында өздері басқарып жүргізіп отырады. Ұйымдастырушылық қабілеттері өте жақсы оқушыларды Нұрашов М, Қамысбаева С, Берекет М, Айбек Е, Нұрбекқызы А атап өтуге болады.

**5. Класс оқушыларының дамуының талдауы:**

Класс оқушыларының жыл басында социологпен бірлесе отырып әлеуметтік паспорты жасалынды. Барлық отбасы саны 13, оның ішінде толық отбасы саны 12, көпбалалы отбасы саны 8, аз қамтылған отбасы саны 2, есепте тұратын оқушылар жоқ.

Оқушылардың тәрбиелік деңгейінің диагностикасы Н. Капустин әдісі бойынша тәрбиелік деңгейлері 5 оқушы өте жақсы деңгейде, жақсы деңгейде 4 оқушы жақсы деңгейде, 4 оқушы орта деңгейде анықталды. Класс оқушыларының білім, білік және

дағдысы деңгейі, оқушылардың сабақ үлгеріміне келетін болсақ класта барлығы 13 оқушы бар. Оның 10-ы ұлбала, 3-еуі қыз бала. Жыл соңында сыныпта 8 оқу озаты, 2 оқу екпіндісі, Зорта оқитын оқушылармен аяқтадық. Класс оқушылары себепсіз сабақтан қалмайды,

Оқушылар класта, сабақтан тыс уақытта да ұйымшыл, бір-біріне көмектесіп отырады.

#### **6. Кластағы тәрбие жұмысының ұйымдастырылуы мен жүргізілуінің пәрменділігі талдауы:**

Кластағы тәрбие жұмысына келетін болсақ тәрбие жұмысы 8 бағытпен жасалынып бекітілді. Жаңа Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие, Рухани адамгершілік тәрбие, Ұлттық тәрбие, Отбасылық тәрбие, Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие, Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениет, Көпмәдениеттік және көркем-эстетикалық тәрбие, Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты тәрбиесі, Жолда жүру ережелері, Өрт қауіпсіздік ережелері жөнінде тақырыптық тәрбие сағаттары, сынып сағаттары, әңгімелесу, пікір алмасу, сайыс түрінде өткізілді. Сонымен қатар аудандық тәрбиелік шаралар уақытында өткізіліп тұрды. Жоспар бойынша өтпей қалған шаралар болған жоқ.

#### **7. Оқушылармен жеке жүргізілген тәрбие жұмысының нәтижесінің талдауы: дарынды балалармен атқарған жұмыстар нәтижесі;**

Дарынды және үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жоспары жасалынып бекітілді. Сонымен қатар аудандық, облыстық олимпиадаларға қатысып отырады. Аудандық Зерде байқауына Мұратов Б қатысып 3-ші орын алып келді. Кенгуру математикалық олимпиадасына қатысып Ерболұлы М 2-ші орын алды. Ақбота олимпиадасына қатысып Бердәлі А 1-ші дәрежелі дипломмен, Айбек Е 2-ші дәрежелі дипломмен, Избасар А 1-ші дәрежелі дипломмен марапатталды. Үлгерімі төмен оқушыларға қосымша сабақтар өткізіліп тұрды. Сонымен қатар Кім жылдам? сайысы өткізілді. Сонымен қатар аудандық эмитқан алынып оқушылар өз бағаларын қорғап шықты.

#### **8. Педагогикалық ұжыммен өзара байланыс талдауы:**

Пән мұғалімдерімен қарым-қатынас, үйірме, секция, түрлі шығармашылық бірлестіктер жетекшілерімен байланыс жасап отырдық. Оқушылардың сабақ үлгерімі, үйірмелерге, қосымша сабақтарға қатысымы жөнінде қарым-қатынас жасап отырдым.

#### **9. Отбасымен педагогикалық байланыс :**

Ата-аналардың кластағы тәрбие жұмысына келетін болсақ Ата-аналармен тәрбие жұмыс жоспары жасалынып бекітілді. Қыркүйек айында Жаңа оқу жылының өзгерістерімен таныстырылып, ата-аналар комитеті сайланды. Ата-аналармен бірге Жүрек жылуы тренингі, анаммен бірге сайысы, Қош келдің Наурыз тойы! өткізілді. Сонымен қатар Бастауышпен қоштасу кеші өткізілді. Кеш соңында оқушыларға жылдық тәрбие саласы бойынша естелікке дипломдар берілді. Кластың ата-аналары ұйымшыл, өздеріне берілген тапсырманы тиянақты орындап отырады. Жалпы мектептегі жиналыстан қалмайды.

#### **10. Қорытынды:**

Класс ұжымының биылғы жылғы басты жетістіктері; оқушыларды тәрбиелеу ісіндегі тәрбиелік шаралар сәтті өтті. Өткізілген шараларды уақытында тәрбие жұмысының папкасына жинақтап салып отырдым. Тәрбие жұмысында орын алған келенсіздіктер болған жоқ. Келесі оқу жылында тәрбие жұмысында заман ағымына сай жаңаша форматта тиімді әдіс-тәсілдерді қолдана аламыз деп айта аламын.

#### **11. Қосымшалар:**

Тәрбие жұмысындағы қосымша Жолда жүру, Өрт қауіпсіздік ережелері, Өмір қауіпсіздік ережелері т.б уақытында өткізіліп тәрбие папкасына салынды.

Сынып жетекші : Салық Анархан Ақкалиқызы